

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер; Мақта дақылының негізгі зиянкестеріне қарсы күресу шаралары

2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары; Елімізде Түркістан облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының ішінен мақтаны көбірек өсіреді, себебі топырақ-климаттық жағдайы өсіруге қолайлы. Мақта талшығы — Қазақстанның маңызды экспорттық өнімдерінің бірі болып табылады. Мақта өнімділігін арттыруда оны зиянкестер мен аурулардан тиімді қорғау шешуші рөл атқарады. Ұзын талшықты мақта сорттарынан түрлі маталар өндіріледі; орта есеппен 1 тонна шитті мақтадан шамамен 3000 дана мата тоқуға мүмкіндік бар. Қазіргі таңда мақта зиянкестерінің ішінде кең таралған және зияндылығы жоғары саналатын мақта күйе көбелегіне қарсы биологиялық күрес әдістері кеңінен қолданылуда. Әсіресе энтомофагтар мен биологиялық препараттарды қолдану — агроценоздың экологиялық тұрақтылығын сақтай отырып, мақта дақылының өнімділігі мен сапасын арттырудың тиімді жолы болып саналады.

Мақта өсімдігінің шанақтану, гүлдену, жеміс түзілуінің басталуы, жаппай жеміс түзілуі және жеміс пісуінің басталуы сияқты негізгі фенологиялық кезеңдерінде күйе көбелектің жұмыртқаларына қарсы трихограмма (*Trichogramma spp.*) жіберіледі. Ұсынылатын мөлшер: әр кезеңге $60+80+60 = 200$ мың дарақ/га немесе $0,75+1,0+0,75 = 3,0$ г/га, аралығы 3–4 күн, және әр кезеңде үш рет қайталанады. Сонымен қатар, бракон (*Bracon hebetor*) паразитоиды гектарына 250 дарақ мөлшерінде 2–3 рет қолданылады.

Зияндылықтың экономикалық шегі (ЭЗШ) — 100 өсімдікте 9–11 жұмыртқа немесе жұлдызқұрт байқалған жағдайда — биологиялық препараттармен міндетті түрде өңдеу қажет.

Күйе көбелегіне қарсы заманауи биологиялық препараттар патогендік микроорганизмдер арқылы зиянкестердің дамуын тежеп, өсімдікті табиғи жолмен қорғай алады. Дегенмен, оң нәтиже алу үшін шаруашылықтар препараттарды дұрыс мөлшерде және технологиялық талаптарға сай қолдануы қажет. Қолдануға ұсынылатын биопрепараттар мен мөлшері:

- Грeen Голд, 0,3% мас.э. — 0,75 л/га
- Битоксибациллин, сух.п. — 3,0–4,0 л/га
- Лепидоцид, к.т. — 1,0–1,2 л/га

Аталған препараттар су негізіндегі суспензия түрінде қолданылады. Суспензия дайындау кезінде препараттың қажетті мөлшері алдымен аз көлемдегі суға араластырылып, содан кейін белгіленген көлемге дейін сұйылтылады.

Биопрепараттармен соңғы өңдеу жұмыстары егін жинауға дейін 10–15 күн бұрын аяқталуы тиіс. Сонымен қатар, өсімдіктің гүлдеу кезеңінде бүрку

жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді, себебі бұл тозандандырғыш жәндіктерге кері әсер етуі мүмкін.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б. Зиянкестерге қарсы Грeen Голд, 0,3% мас.э. – 0,75 л/га; Битоксибациллин, сух.п. – 3,0–4,0 л/га; Лепидоцид, к.т. – 1,0–1,2 л/га препараттарын қолдану мақтаның жалпы өнімділігін 85–88%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

4) Кеңес беру фотосуреті



